

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІРЛЕСТІГІ
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АКАДЕМИЯСЫ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ**



**«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе,
мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен
мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық
конференциясы материалдарының**

ЖИНАҒЫ

31 қазан 2025 жыл.

Астана қ.

Конференция АР23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты ғылыми жоба аясында ұйымдастырылды.

ӘОЖ 80/81+821
ББК 81.2+84
Т93

**Жалпы редакциясын басқарған – Қапантайқызы Ш.
Редакциялық ұжым: Бибекөв Қ.Т., Кенжалин Қ.К., Шоқабаета С.С.,
Аитова Н.Н., Баймұханбетова М.Б., Бегимова Г.А.**

«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе, мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы. 2 томдық., 2-т. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025. – 280 бет.

ISBN 978-601-385-146-4

Бұл жинақта тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту мәселесінің ғылыми-теориялық және әдістемелік мәселелері қарастырылып, заманауи озық тәжірибелері жинақталды. Авторлар еңбектерінде білім беру кеңістігінде тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту, тіл арқылы мәдениет пен ұлттық дүниетанымды меңгерту, әдеби шығармаларды аксиологиялық тұрғыдан талдау сияқты мәселелер ғылыми тұрғыда ұсынылды.

Сонымен қатар, жинаққа құндылыққа негізделген тілдік және әдеби білім берудің инновациялық әдістерін, педагогтардың кәсіби даярлығы мен құзыреттілігін жетілдіру жолдарын, қазіргі білім беру жүйесіндегі гуманистік бағыттардың орны мен болашағын айқындауға бағытталған енгізілді.

Материалдар тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту әдістемесінің, аксиолингводидактиканың өзекті бағыттарына қызығушылық танытқан зерттеушілерге, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, мектеп мұғалімдеріне және магистранттарға арналады.

ISBN 978-601-385-146-4

ӘОЖ 80/81+821
ББК 81.2+84

© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025.

2-секция. ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОНЛАЙН ОҚЫТУ ПЛАТФОРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛДІ ДАМЫТУДАҒЫ ҮЛЕСІ

Д. С. Абденкул¹, С. С. Шокабаева²

¹ 2-курс студенті, ²Ғылыми жетекші: доцент м.а., ф.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
Астана, Қазақстан.

Платформа – оқыту процесін жүйелеп, білімнің сапасын күшейтуге бағытталған құрал. Қазақ тілін дамытуда онлайн оқыту платформаларының рөлі зор. Бейнесабақтар, интерактивті жаттығулар, деңгейлік тестілер және синхронды сабақтар сияқты құралдар тіл үйренуді жеңілдетеді. Технологиялар мен онлайн платформалар дәстүрлі әдістерді ауыстырмайды. Керісінше, оларды қуаттайтын көмекші құрал болады. Ең бастысы – дәстүрлі және цифрлық әдістерді үйлестіре білу керек. Яғни, жаңашылдық дегеніміз – тек қана жаңалық енгізу емес, сонымен қатар жаңашылдықты дәстүрлі үрдісте қолдана білу.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, оқытушы бойында жаңа инновациялық қасиеттер болуы керек. Ол қасиеттердің қалыптасуы үшін жаңа білімге деген ізденіс қажет. Сондықтан білімді интернеттің көмегімен де ала аламыз. Жаңа платформалар арқылы сабақ жүргізу нәтижесінде тыңдаушылардың тілге деген қызығушылығын арттырып, оларды тек тыңдаушы деңгейінен баяндамашы, тіпті оратор деңгейіне көтереді. Оқытушыдан гөрі тыңдаушының көп ізденуі – тілге деген құлшынысын арттырып қана қоймай, тілді жылдам меңгеруіне мүмкіндік туғызады [1, 10-б.].

Қазақ әдебиеті қатып-пісіп жетпеген уақытта біз қазақ сөзін ескі, жаңа деп талғамаймыз, жергілікті сөз екен деп, оны жатсынбай, қашпай қолданамыз. Жалғыз-ақ біздің мықтап қашатынымыз – жатшылдық (жатсөзшілдік). Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа ғана аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі дайын сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттер мен ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, олардың дайын сөздеріне қызықпай, ана тілімізден балама сөз табуымыз керек [2, 20-б.]. Өз тілімізді басқа ұлт өкілдеріне үйрету үшін еңбек етуіміз керек. Қазақ тілінің дамуы мен қолданыс аясын кеңейту бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отыр. Бұл мақсатқа жетудің бір тиімді жолы – заманауи онлайн оқыту платформаларын пайдалану. Цифрлық технологиялар мен интернеттің дамуы тіл үйрету процесін жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік береді. Бұл платформалар арқылы қазақ тілін үйрену оңай әрі қолжетімді бола түседі. Олардың мазмұны бейнесабақтар, интерактивті жаттығулар, деңгейлік тестілер мен синхронды сабақтар арқылы байытылып, оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Онлайн платформалардың қазақ тілін дамытудағы рөлі, әсіресе, шетелдік аудитория үшін ерекше маңызды. Олар қазақ тілін үйренуге ниет білдірген шетел азаматтарына қолдау көрсетеді. Онлайн платформалар тек тілді үйрену ғана емес, қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрлерін таныстыруға, насихаттауға да ықпал етеді. Сонымен қатар, платформалардың қолжетімділігі мен танымалдығы қазақ тілінің халықаралық деңгейде танылуына септігін тигізеді. Дегенмен, осы салада контент сапасы мен мамандардың жетіспеушілігі сияқты проблемалар да бар екені белгілі. Мазмұнның сапасын арттыру және мамандарды даярлау арқылы бұл мәселелерді шешуге болады. Сонымен қатар, қазақ тілін онлайн кеңістікте дамытуға бағытталған нақты ұсыныстардың жасалуы да маңызды. Бұл зерттеу осы мақсаттарды іске асыруға бағытталған. Бүгінгі қоғамдағы цифрлық білім беру құралдарының дамуы қазақ тілін үйренуге мүмкіндік беріп қана қоймай, оның мәртебесін арттыруға да ықпал етеді. Сондықтан, қазақ тілін онлайн оқыту платформалары арқылы дамыту – заманауи қоғамның маңызды міндеттерінің бірі.


Қазақ тілін дамытуда онлайн оқыту платформаларының рөлі бүгін де аса маңызды. Бұл платформалар қазақ тілін үйренуге ынталы адамдар үшін үлкен мүмкіндіктер ашады. Ең алдымен, онлайн платформалардың мазмұнына назар аударайық. Олар бейнесабақтар, интерактивті жаттығулар, деңгейлік тестілер және синхронды сабақтар арқылы байытылған. Бұл құралдар оқушылардың тілді тез әрі тиімді меңгеруіне ықпал етеді.

Онлайн платформалардың негізгі артықшылығы – олардың қолжетімділігі мен икемділігі. Әлемнің кез келген нүктесінде интернетке қосылған кез келген адам қазақ тілін үйрене алады. Бейнесабақтар арқылы тілдің фонетикалық және грамматикалық ерекшеліктерін түсіндіру оңайға түседі. Интерактивті жаттығулар мен деңгейлік тестілер оқушылардың білімін бағалап, олардың тіл меңгеру деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, «Shyra q ai, ANA TILI, ChatGPT, Fobizz, Classroomscreen, Til-qazyna, Claude ai» және тағы басқа жасанды интеллект арқылы қызмет ететін платформалар (1-сурет. Қазақ тілін дамытуға арналған онлайн платформалар) қазақ тілін үйренуге арналған түрлі деңгейдегі сабақтар ұсынады. Бұл платформа арқылы қолданушылар тілдің негізгі ережелерін үйреніп, сөйлесу дағдыларын жетілдіре алады. Сонымен қатар, синхронды сабақтар арқылы нақты уақыт режимінде мұғаліммен байланыс орнатып, сұрақтарға жауап алу мүмкіндігі бар.



1-сурет. Қазақ тілін дамытуға арналған онлайн платформалар.

Қазақ тілін оқытуға үлес қосатын “LingoKz” платформасының мазмұнына назар аударайық:



2-сурет. LingoKz платформасы.

Қазір қазақ тілін үйретуге арналған платформалардың көбейіп жатқаны қуантады. 2-суреттен көріп отырғанымыздай, “LingoKz” платформасының тілі өте жеңіл жасалған. Платформада сабақ жүйесі деңгейлік тапсырмалар арқылы өтеді. Өр бөлімде бірнеше сөздің аудармасы, тест, сурет арқылы дұрыс таңдау, сөйлем құрастыру, тыңдалым және айтылым тапсырмалары бар. Тапсырманы дұрыс орындаған сайын жұлдыз, ұпай беріледі. Тапсырмалар дұрыс орындалмаған жағдайда келесі бөлім тапсырмалары ашылмайды. Мұндай платформалар тілді үйретуге үлкен үлес қосуда. Платформа жалпы халыққа қолжетімді.

«Tilqural.kz». Анықтамасында «қазақ тілін кезең-кезеңмен оқуға арналған веб-сервис» делініпті. «Tilqural.kz» ересектерге қазақ тілін А1, А2, В1, В2, С1 деңгейлерінде үйренуге мүмкіндік береді. Тіркелгеннен кейін пайдаланушы қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау үшін тестілеуден өтеді. Тестілеу нәтижелері бойынша жүйе оқу курсы ұсынады. Сайт тіл оқушының сөздік қорын толықтыруға, жаңа сөздердің мағынасын түсінуге және оларды күнделікті өмірде қолдануға, еркін оқуға, өз ойын ауызша да, жазбаша да жеткізуге, сөздерді дұрыс дыбыстауға, сөйлемдерді сауатты құрастыруға мүмкіндік береді. Пайдаланушы жеке кабинетінде орындаған сабақтарының статистикасын көре алады. Сервис Android, iOS платформалары арқылы жүктеуге қолжетімді [3].

Айтылған және тағы басқа платформалар тілді үйренуге күн сайын үлес қосуда. Мысалы: “Aitu Superapp” платформасы 12 000 рет жүктеліп, 4,4/5 балл жинаған, ал “Qonzhуq App” платформасы 19 000 рет жүктеліп, 4,8/5 балл жинаған. Қолданушылардың көп бөлігі шетел азаматы, азаматшалары. Байқағанымыздай, қазақ тілін шетелде үйрену мәселесі қазірде өзекті болып отыр. Онлайн платформалар бұл бағытта үлкен рөл атқарады. Олар қазақ тілін үйренуге ниет білдірген шетел азаматтарына қолдау көрсетеді. Дегенмен, контент сапасы мен мамандардың жетіспеушілігі сияқты проблемалар да бар екенін атап өту қажет, көптеген қазақ тілін үйретуге арналған платформалар мамандардың жетіспеушілігінен жасанды интеллект арқылы жұмыс жасайды. Маманның жетіспеушілігінен көптеген платформаларда маманмен кері байланыс болмайды. Қазақ тілін үйретуге арналған материалдардың сапасын арттыру арқылы бұл мәселелерді шешуге болады. Мысалы, “Shyraq ai” платформасында әр пәнге және дәл осы қазақ тілінен арнайы видеолар бар. Осындай жүйені қазірде “Juz40”, “Arystan online” секілді оқушыларды ҰБТ-ға дайындаушы орталықтар қолданады. Дәл сол жүйені осы қазақ тілін дамыту бағытында арнайы қолданса, білікті мамандармен видео сабақтар жүктелсе, қолданушылардың саны да артады.

Қазақ тілін онлайн оқыту платформалары арқылы дамыту – заманауи қоғамның маңызды міндеттерінің бірі. Бұл платформалар тіл үйренуді жеңілдетіп қана қоймай, қазақ тілінің мәртебесін арттыруға да ықпал етеді. Контент сапасын арттыру, мамандарды даярлау және платформалардың қолжетімділігін кеңейту арқылы қазақ тіліне деген қызығушылықты арттыруға болады. Сонымен қатар мемлекет тарапынан да қазақ тілін дамыту үшін бірнеше маңызды қадамдар жасалып жатыр: Тілдік саясатты жетілдіру Қазақстанда 2020-2030 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Бұл бағдарлама қазақ тілін қоғамның барлық саласында кеңінен қолдануға және оның беделін арттыруға бағытталған. Цифрландыру және инновация Қазақ тіліндегі контентті цифрландыру және интернет ресурстарын дамыту арқылы қазақ тілін қолданысқа енгізу мүмкіндігі артып келеді. Тіл үйренуге арналған онлайн платформалар мен қосымшалар танымал болуда. Қоғамдық қозғалыстар мен бастамалар Тіл белсенділері мен еріктілердің қазақ тілін насихаттау бойынша жұмыс істеуі – маңызды фактор. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге арналған жобалар, курстар, шеберлік сыныптары жиі ұйымдастырылуда.

Қазақ тілінің болашағы оның қазіргі даму қарқынына және мемлекеттік деңгейде қабылданатын шараларға байланысты. Тілдің қоғамдағы рөлін нығайту үшін келесі шаралар маңызды: Қазақ тілінде сапалы контент жасау; Тіл үйренушілер үшін қолайлы жағдайлар жасау; Мемлекеттік және жеке секторда қазақ тілін қолдануды ынталандыру; Қазақ тілін әлемдік деңгейде таныту [4]. Қазақ тілін дамытуда онлайн оқыту платформаларының рөлі ерекше маңызға ие екенін айтуға болады. Бұл платформалар қазақ тілін үйренуге ынталы жандарға кең мүмкіндіктер ашуда. Онлайн платформалардың танымалдығы артып, олар қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрлерін де таныстыруға ықпал етуде.

Қорытындылай келе, қазақ тілін онлайн оқыту платформалары арқылы дамыту – заманауи қоғамның маңызды міндеттерінің бірі. Бұл бағытта контент сапасын арттыру, мамандарды даярлау және платформалардың қолжетімділігін кеңейту арқылы қазақ тіліне деген қызығушылықты арттыруға болады. Болашақта қазақ тіліне қатысты бағдарламаларды дамыту, шетелдік аудиторияға бағытталған контент сапасын жақсарту және платформаларды жетілдіру қажет. Бұл шаралар қазақ тілінің мәртебесін арттыруға және оның үйрену процесін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Оқырмандарды осы бағытта белсенді әрекет етуге шақырамыз.

Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты гранттық жоба аясында әзірленді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қойчибеков О., Қуандық М. Тілдерді оқытуға арналған платформалар. – Астана: Тіл – қазына, 2024. – 98 б.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: “Атамұра” баспасы, 2003. – 208 б.
3. Сламжан Қ. Қазақ тілін дамыту: Төрт порталға қысқаша шолу. / Қолжетімді ресурс: <https://malim.kz/article/analytics/qazaq-tilin-damytu-tort-portalga-qysqasa-solu-19043>.